



XFTAP 19.61.45

Г. Әшірбекова

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан*

### Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан мерзімді баспасөзінің тақырыптық ерекшеліктері

***Аңдатпа.** Автор мақалада тәуелсіздік жылдарында жарық көрген баспасөз тарихына қатысты ғылыми еңбектерге, жинақтар мен энциклопедияларға шолу жасайды. Баспасөз тарихын зерттеудің маңыздылығына тоқтала отырып, «Ақ босаға» мен «Түркістан» газеттерінің тақырыптық, проблемалық ерекшеліктерін айқындайды. Автор газет беттерінде жарық көрген бірқатар өзекті мәселелерге арналған танымдық, проблемалық мақала мен сұқбаттарға тоқталады. Сондай-ақ тақырып таңдаудағы екі газеттің мазмұнын қарастырады. Басылым көтерген мәселенің маңызын ашып көрсетеді, журналист көтерген тақырыптың шешім табу нәтижелерін көрсетеді. Осы мысалдар арқылы баспасөздің қоғамдағы нәрменділігін атап өтеді.*

*Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жарық көрген баспасөздің нарық талаптарына төтеп беріп, тұрақты оқырман аудиториясын қалыптастыру әдістеріне тоқталады. «Ақ босаға» газетінің «Қолаң шаши» сайысын ең ұтымды деп таныса, «Түркістан» газетіндегі қандастар мәселесіне арналған «Атажұрт» қосымшасында жарық көрген мақалаларға талдау жасайды.*

*Автор екі басылым редакторларының менеджерлік қызметіне мысалдар келтіре отырып, бүгінгі медиа саласындағы менеджменттің маңыздылығына тоқталады. Сондай-ақ қазіргі басылымдарға олардың тәжірибесінен бірнеше мысалдарды үлгі ретінде ұсынады.*

***Түйін сөздер:** Газет, журнал, медиакеңістік, медиаменеджмент, медианарық, редактор.*

DOI: 10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-64-74

### Кіріспе

Тәуелсіздік жылдарындағы баспасөз тарихы мен тәжірибесі кешенді түрде зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі күнге дейінгі баспасөз тарихына қатысты ғылыми зерттеуді ғалым Қ.Алдаберггеннің еңбектерінен ғана кездестіреміз. «Қазақ журналистикасының тарихы» атты оқулығында 1870-2008 жылдар аралығындағы мерзімді басылымдардың жарыққа шығуын түрлі саяси кезеңдер тұрғысынан қарастырған ғалым тәуелсіздік жылдарындағы газет-журналдардың бағыт-бағдарына ерекше мән берген.

Тоқсаныншы жылдардағы баспасөз демократиялық бағыттағы журналистиканың барлық нышанын айқындап көрсетті десек артық айтқанымыз емес. Кеңестік идеологияның қатаң құрсауынан шыққан газеттер ең алдымен цензурадан құтылып, ұлттық құндылықтарға ерекше көңіл бөлді. Азаттық рухында шыққан басылымда мемлекеттік тіл, ұлттық сана, тарих, идеология және т.б. көптеген мәселелерге қатысты сыни көзқарастар жарияланды.

Бұл орайда тәуелсіздік жылдарындағы ақпараттық кеңістіктегі нарық заңдылықтарына төтеп беріп, бүгінге дейін тұрақты оқырманын қалыптастырған газеттердің жөні бөлек. Олардың қатарына «Түркістан», «Ана тілі», «Ақ босаға» газеттері мен «Денсаулық» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдарын жатқызуға болады. Тоқсаныншы жылдары «Дала дидары», «Аманат», «Қазақ батырлары» газеттері идеясы мен бағыт-бағдары көңіл көншіткенімен, экономикалық жағынан қиындыққа төтеп бере алмады. Олар бірер жылдан кейін жабылып, тіпті көпшілігінің атауы да ұмытылып барады. Баспасөздің қоғамға қажеттілігіне байланысты соңғы жылдары кереғар пікірлердің айтылуы жоғарыда аталған газет-журналдардың көптігінен болса керек. Бұдан бөлек, ең маңызды себеп – интернеттің қол жетімділігінен. Қолымыздағы алақандай смартфонның көмегімен ақпарат толқын-толқынымен келіп жатыр. Бірін қорытпай жатып, екіншісі, үшінші жаңалықты сіңіру оңайға түспесі анық. Сондықтан қазіргі кез келген оқырман ақпаратты «сүзгіден өткізіп» қабылдағаны абзал.

### Зерттеу әдістері

Біздің мақалаға арқау болған екі басылымға тоқталудың өзіндік себептері бар. Тәуелсіздіктің төл газеттері саналатын «Ақ босаға» мен «Түркістан» газеті. Журналистиканың жалпы бағыт-бағдары, тақырып ауқымына қарай сапалы, аралас, «сары басылымдар» деп қарастырамыз. Бұл батыс ғалымдарының тұжырымы. Бүгінгі күні отандық медианарықта осы типтес ақпарат құралдары қалыптасып үлгерді.

«Ақ босаға» – жарыққа шыққаннан бері отбасы құндылығы, ұлттық тәрбие бағытынан айнымаған газет. Алғашында Қазақстан Мұсылман әйелдер қоғамы құрылтайшылық жасағанымен, көпке ұзамай басылым жекеменшік газет ретінде жарыққа шығып келеді. Отыз жылдан бері оқырманына тұрақты түрде отбасы мәселесін жазып келе жатқан газеттің тәжірибесіне қатысты пікір білдіруді жөн санадық.

Халықаралық «Түркістан» газеті – әлемнің түкпір-түкпіріндегі қаңдастар арасында байланыс орнату, саяси, әлеуметтік мәселелерге қатысты салмақты талдау жасауды мақсат еткен сапалы басылым.

Екі газетті салыстыру мақсат емес, ең бастысы – тәуелсіздіктің төл газеттерінің тәжірибесін, тұрақты аудитория қалыптастыру, медианарықтағы батыл шешімдерін, тақырып таңдаудағы ерекшеліктерін айқындау. Бір сөзбен айтқанда, екі басылымға контент-талдау жүргізу арқылы жаңадан жарық көретін газет-журналдарға тұрақты оқырман аудиториясын қалыптастырудың тәжірибесін ұсынғымыз келеді. Сонымен бірге қазіргі жаңа медианы басқару саласында медиаменеджер қызметін белсенді дамыту маңызды болып отыр. Осы орайда екі түрлі бағыттағы газетті ұйымдастыру мен басқарудағы менеджерлік шешімдер, газетті медианарыққа ұсынудағы батыл өзгерістер, тақырып пен мазмұнның үйлесімділігін табудағы шығармашылық шеберлік жағынан үлгі етуге тұрарлық бірқатар ерекшеліктерге тоқталмақпыз.

### Талқылау

Ұлттық баспасөздің тарихына қатысты ғылыми зерттеулерді сараласақ, саусақпен санарлықтай ғалымдарды атаймыз. 1956 жылы жарық көрген Б.Кенжебаевтың Т.Қожакеевпен бірге «Қазақ баспасөзі тарихына мәліметтер», 1961 жылы М.Н.Фетисовтің «Зарождение казахской публицистики», 1964 жылы Қ.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары», 1981 жылы «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі», 1963 жылы Ү.Сұбханбердинаның «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар», 1991 жылдан бастап «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар», 1993 жылы «Қазақ. Сарыарқа. Алаш», «Дала уалаятының газеті» (1988, 1991, 1992, 1994, 1996), 1995 жылы «Айқап», 1998 жылы «Қазақ» (Қ.Сақпен бірге),

1991 жылы Т.Қожакеевтің «Жыл құстары», 1994 жылы Қ.Алдабергеннің «Алты алаштың ардақтылары», 1997 жылы Қ.Аллаберген мен Ж.Нұсқабайұлының «Көне басылымдар. Құнды деректер. Аяулы есімдер», 1998 жылы Қ.Аллабергеннің «Әлем баспасөзі тарихынан», 1998 жылы Ө.Әбдімановтың «Қазақ», 2002 жылы Қ.Сақтың «Ұлттық сана ұйытқысы», 2014 жылы «Алаш мұрасы, «Алаш көсемсөзі: жер мәселесі», «Алаш көсемсөзі: тіл мәселесі», «Алаш көсемсөзі: дін мәселесі», 2019 жылы «Алаш көсемсөз: шаруашылық мәселесі», 2019 жылы А.Ақынбекованың «XX ғасыр басындағы қазақ журналдары: тарихы, функциясы, типологиясы» еңбектері бар.

Журналистика тарихын қоғамның даму бағыттарымен тығыз байланыста кезеңдерге бөліп қарастыру, жарық көрген мақалаларды жинақтау және кириллицаға көшіру, түпнұсқа материалмен қатар аудармасын беру, энциклопедия түрінде дайындау секілді әдістерді байқаймыз. Бұдан бөлек, газеттің мерейтойларында таңдамалы жинақ шығару дәстүрге айналды. Мәселен, «Қазақстан», «Егемен Қазақстан», «Түркістан», «Ақ босаға», Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеттерінің жинақтарында таңдаулы мақалалар топтастырылған. Мұндай жинақтардың баспасөз тарихын зерттеушілер мен білім алушылар үшін пайдасы зор. Алайда тәуелсіздік жылдарында жарық көрген басылымдарды бағыт-бағдарына қарай тақырыптық, проблемалық, жанрлық тұрғыдан талдау бүгінгі күнгі баспасөздің қоғамдағы рөлін арттыруға ықпал ететінін ұмытпауымыз керек.

Ғасырдан астам уақыт тұрақты аудиториясын қалыптастырған әлемдік, отандық газеттер аз емес. Сондықтан да мерзімді баспасөздің заманауи талаптарға сай мазмұн, пішін жағынан жаңарту, тың шешімдерге бару менеджерлік қабілетті қажет етеді.

## Нәтижелер

Тоқсаныншы жылдары сөз бостандығы мен ой еркіндігіне бет бұрған қазақ қоғамында түрлі ұйымдар, саяси партиялар құрыла бастады. Олардың көпшілігінің ортақ мүддесі тарихта кеткен есемізді түгендеу, ұлттық сананы ояту болғанымен, көпшілігінің астарында жеке мүдде, түрлі саяси бағыттағы қызығушылық жатқаны кейін белгілі болды. Сондай жақсы бастамамен құрылып, соңы дау-дамайға ұласқан ұйым – Қазақстан Мұсылман Әйелдер одағы. Ол туралы «Белгілі музыка маманы, күміс көмей әнші Әмина апай оқытушылық қызметін тастап, әйелдерді имандылық жолына баулуға ден қойды. Үлкейген жасына лайық іс бастады. Қостаушылары Б.Алауханова, Ү.Ақылбайқызы, А.Байменова, Б.Ахметова, Ш.Нұғыманова, Ғ.Аюпова, Қ.Батманова сияқты қыз-келіншектер қасындамыз.

Ұдайы жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде барлық облыста дерлік ұйымның бөлімдері ашылды. Одақтың бекітілген ережесі, бағдарламасымен ондаған әйел қайырымдылық бағыттағы кәсіпкерлікті қолға алды», – деп еске алады бас редактор Ш.Ұғыбайқызы [1,7].

«Ақ босаға» газеті 1991 жылғы 7 ақпанда жарық көрген. Одақ айналасына жиналғандар арасындағы дау-дамай көбейіп кеткендіктен, 1992 жылы өзін-өзі қаржыландыратын тәуелсіз басылым ретінде қайта тіркеуден өткен. Бұл туралы газеттің «Естеріңде қалсақ деген үмітпен...» жинағында бас редактор Ш.Ұғыбайқызы баяндайды.

«Ақ босаға» газетін жарыққа шығарған алғашқы жылдары бас редактор Ш.Ұғыбайқызының ерен еңбегін атап айтуымыз керек. Нарықтық экономикаға енді ғана қадам басқан кезеңде өзін-өзі қаржыландыратын газет ашу үлкен тәуекелді қажет етеді. Басылымды ресми тіркеуден өткізу, оның бағыт-бағдары мен ай сайын шығатын нөмірдің мазмұнын жоспарлау, материалдар дайындау, тарату секілді бір-бірімен жалғасып жатқан жұмыста бас редактор батыл қадамдар жасаған. Ресми тіркеуден өткен газетке демеушілер табу, «Қазпошта» арқылы жазылу жұмыстарын ұйымдастыруды қолға алып, аз уақытта танымал етті.

Оған дәлел, танымал публицист К.Смайыл «Ақ босаға» – қазақ қыздарына, қазақ әйелдеріне

арналған, қазақ баспасөзінде ерекше орын алған басылым. Газеттің мазмұны, материалдарды беруі, мәдениеттілігі жоғары дегенді баса айтқым келеді. ...Халықты, ұлттық тәрбиелеу әйелді тәрбиелеуден басталады. ...«Ақ босаға» 62 мың тираж жинап, қазақ баспасөзіндегі ең тиражы көп басылымға айналып отыр. «Ақ босағадағы» мақалаларды оқып отырғанда оны жазған адамның жанының тазалығын көріп отырғандай боламын» [1, 25], – деген пікіріне біз де қосыламыз.

30 жылдық тарихында қоғам қайраткерлері, ғалымдар, танымал өнер адамдары газеттің нағыз жанашырына, қолдаушысына айналды. Қоғамның сұранысы мен оқырманның қажеттілігіне қарай тұрақты айдарлар ашылып, онда ұлт тағдыры мен тәрбиесі, тұлғатану, тарих, мәдениет, әдеп және т.б. көптеген өзекті мәселелерге танымдық, проблемалық мақалалар мен көлемді сұқбаттар жарияланған. Аты айтып тұрғандай, «Ақ босаға» газеті Алаш аруларының тағдыры жайлы танымдық материалдарды алғашқылардың бірі болып жазған. Мәселен, үшқыш Тоты Серікқазықызы Әмірмен 2007 жылы сұқбат жарияланып [2], әуе компаниясына қатысты әділетсіздікке қарсылық білдірген арудың жанайқайын жеткізеді. Газеттің 1998 жылғы нөмірінде танымал журналист А.Тасымбековтің «Азап вагонын көрген Азалия апа тұңғыш гимнаст қызымыз еді» мақаласында 1937 жылы 4 қарашада «Солтүстік Қазақстан облысында әрекет еткен буржуазияшыл-ұлтшыл ұйымның» мүшесі болғаны үшін ұсталып, кейіннен ату жазасына кесілген Мүталіп Ахметовтің қызы Азалия Ахметованың тағдыры баяндалады.

Ұлт тарихын зерттеп жүрген Ә.Марғұлан атындағы археологиялық институтының бас ғылыми қызметкері Айман Досымбаевамен болған сұқбатта «Мәдени мұра» бағдарлама аясында жүзеге асырылған түркі мұраларын зерттеуге байланысты бірқатар тың деректер айтылады [3].

Газеттің «Армысың, апа!» айдарымен берілген танымдық мақалалар да оқырман аудиториясына ұтымды тақырыбымен ерекше әсер еткен. Мәселен, «Штирлиц тұтқыннан құтқарған қазақ қызы» атты мақалада Құралай Натуллаеваның тағдыры баяндалады. 17 жасында өз еркімен соғысқа аттанған бойжеткеннің ауыр қайғысы мен көрген азабы, жолдасы Кеңес Одағының батыры Сабыр Рақымовтың қазақ ұлтынан екендігін дәлелдеу үшін жанкештілік танытуы қызықты баяндалады. 2004 жылы жарық көрген сұқбатта [4] Құралай Натуллаеваның өмірбаяны жайлы өрбіген әңгімеде бір ғана отбасының ғана емес, соғыс жылдарындағы көптеген қазақ отбасыларының көрген қорлығын анық байқауға болады.

Газеттің 2001 жылғы мамыр айындағы нөмірінде «Қазақтың қаһарман қызы Хиуаз ұмыт қалды» атта мақалада қазақтың тұңғыш офицер қызының сол кездегі жағдайын сөз ете келіп, «кезінде үкімет ісіне араласып, зиялылармен бірге жүріп-тұрған, екінші дүниежүзілік соғыста ерлігі аңызға айналып, майдандас жолдастарының арасында Мересьев» атанған Хиуаз Доспанова апамыз да нарық заманының қиыншылықтарын көріп отыр.

Мүмкін «Кеңес одағының батыры» атағын, не бүгінде «Халық қаһарманы» атағын алса, «қанатты қыз» атанған апамыздың нарықтағы жағдайы да басқаша болар ма еді?...» [5] - деп билікке ой салады. Осы мақала жарық көргеннен кейін 2004 жылы қазақтың үшқыш қызына «Халық қаһарманы» атағы беріледі.

«Ақ босаға» газеті ерекше ден қойған тақырыптың бірі – бала тәрбиесі, ұлт әдебі. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында жеткен жетістігімізбен қатар жоғалтқанымыз да аз емес. Ақтаңдақтар тарихы, жазықсыз жапа шеккен тағдыр иелері жайлы өте көп жазылды. Жоғарыда сондай мақалалардың бірқатарына тоқталдық.

Шетелге бала сату – ұлт тарихындағы ең үлкен қателік. 2005 жылы аталмыш газетте А.Мантаеваның ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Амангелді Айталымен болған сұқбатта осы мәселе жан-жақты талданады. Тіл жанашыры, шетелге балаларды жіберуге байланысты қоғам қайраткерінің өткір пікірлерін сол кезде ақпарат құралдарының көпшілігінен кездестіреміз. А.Айталы «мен бұл мәселенің қолдау таппай жатқанын жеке адамдардан емес, мемлекетіміздің

жастығына, әлі де болса, алды-артымызды ойламай қадамдар жасағанымыздан көреміз. Оның бірі – «Халықаралық балаларды қорғау» конвенциясына кіргеніміз. Тоқетер тұжырымдамасы: әрбір жетім, қараусыз қалған тірі жетімдер тек қана отбасында тәрбиеленуі керек. Ешқандай балалар үйі, мемлекеттік мекеме баланы отбасындай тәрбиелей алмайды. Шетелдіктер осы тұжырымдаманы негізге алып, біздің жәуапкер жетімдерімізді әкеліп жатыр. Конвенцияға көптеген елдер, мысалы көрші Өзбекстан мемлекеті мүше емес. Ал, бізде осы ұйымды желеу етіп, рұқсатсыз, есепсіз жетімдерді шетел асыра берген», – деп түсіндіреді [6]. Осыған ұқсас «Жалған некенің қытайлық құйтырқысы» атты мақалада Ж.Қойлышова шетел азаматтарының азаматтық алу үшін қазақ қыздарына үйленіп, кейін ажырасып кету себептерін нақты деректерге сүйене отырып талдайды. «Ақ босаға» газетінде оқырманға ой саларлық осындай салмақты дүниелерді көптеп кездестіреміз. Бұл – газет редакторының мазмұнға мән беретіндігінің белгісі.

Газет тігінділерін ақтарғанда байқағанымыз, тәуелсіз отбасылық басылым болса да, ұлт тарихы мен тағдырына қатысты салмақты сұқбаттар мен танымдық мақалалар жиі жарияланады. Әрине, «сары басылымға» тән кейбір тақырыптар қозғалғанымен, оның да астарында тәрбиелік мән бар екендігін айта кеткеніміз жөн. Бұл орайда К.Смайыл айтқан мәдениеттілікті бәрінен жоғары қойған басылымда оқырманның сұранысына байланысты түрлі тақырыптар көтерілгенін байқаймыз. Мәселен, редакция ұжымының ұйымдастыруымен психолог, заңгер, педагог кеңестері беріліп, оқырман сауалдарына жауап жарияланады.

Дәл осындай мазмұн, аудитория сұранысы, нарық талабын жан-жақты үйлестіре білген басылымның бірі – «Түркістан» газеті. Тәуелсіздіктің төл құрдасы «Түркістан» газетінің бүгінгі күнге дейінгі жетістіктеріне көз жүгіртсек, ең бастысы медиаменеджменттің дұрыс жолға қойылғанын айта кеткеніміз жөн.

«Түркістан» газетінде ең көп сөз етілген мәселе – қандастар жайы. Бұл тақырыптың жиі көтерілуінің бірден-бір себебі, көпші-қонға байланысты заңның орындалуы мен ондағы баптардың қандастар үшін сәйкес келмеуінен дер едік. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ең алдымен қолға алған қандастарды өз Отанына қайтару бойынша осы уақытқа дейін бірнеше бағдарламалар, заңдар қайта қаралып, қабылданды. Екінші бір себебі, демографиялық ахуалды оңтайл шешудің бірден-бір жолы – қандастар отбасы. Елге келген қандастардың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсету – біздің ең басты парызымыз. Сондықтан да газет үнемі қандастар құқығын қорғау мақсатында проблемалық мақалаларды тұрақты жариялап отырады. Қандастар проблемасының өзін құқықтық, әлеуметтік деп бөліп қарастыруға болады.

«Ел мұратын ұғынсақ» атты мақалада бірқатар қандас азаматтар Қазақстан билігіне өз ризашылықтарын білдірген.

«Қазақстан өз тәуелсіздігін жарияланған соң екі аптадан кейін Нұрсұлтан Назарбаев әлемнің түкпір - түкпіріндегі қазақтарды Отанына шақырды. Егемен елдің қадасын бірге қағып, шаңырағын жұмыла көтеруге, керегесін көп болып кеңейтуге жол ашты. 23 жыл ішінде Қазақстанға қоныс аударған оралмандардың саны 1 миллионға жетіп жығылады. Атамекенге оралған қандастар осы жылдар ішінде тыныштықтың, дамудың, өркендеудің не екенін жан-тәнімізбен сезіндік. Ел бірлігін мемлекеттің идеяның өзегі еткен Елбасымыз қиын-қыстау кезеңдердің бәрінен мемлекетті аман есен алып- шықты. 1998 жылғы дағдарыстан, 2007-2008 жылдардағы жаһандық жайсыздықтан сүрінбей өттік. Нұрсұлтан Әбішұлы елімізді алдағы уақытта бетпе бет келер қиындықтар мен қысымдарға да алдырмайтынына кәміл сенеміз...» [7].

Қандастарды қолдауға байланысты «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігі олардың құқықтарын қорғауда бірқатар игі шаралар атқаруда. Көрші мемлекеттерден келген қандастар көбінесе елдегі саяси тұрақтылық пен достық қарым-қатынасты, құқықтық мүмкіндіктеріне байланысты ризашылықтарын білдіріп жатады.

Әсіресе олардың білім алуына байланысты Қазақстан мемлекеті тарапынан жасалған қолдауды әрқашан қуаттап отырады. Тіпті соңғы жылдары көрші мемлекеттердегі Қазақстанда

білім алғысы келетіні жастарды жоғары білім алуға алдын ала дайындық курстарының ұйымдастырылуы да көңіл көншітеді. Мәселен, «Жебеу» республикалық қоғамдық бірлестігінің мәлімдеуінше, «еліміздегі шет елден келген қазақтардың арасында 1600 шығармашылық қызметкерлері, 12,5 мың білім беру саласының қызметкерлері, 40777 жоғары білім иегерлері, 93600 арнаулы орта білім иесі және 620 адам қарулы күштер қатарында» [8] екен.

Қандастар мәселесінде күрмеуі шешілмеген түйіндер де баршылық. Мұндай мәселенің бастысы – құжат рәсімдеудегі қиындықтар. Бір қуанарлығы, 2015 жылғы жаңа қабылданған заңда бұл құжаттардың қысқарғаны мәлім. Осындай құжат рәсімдеуге байланысты мәселе жайлы Жәнібек Ғалымның «Оралман тағдыры – қазақ тағдыры» атты сауалнамасы. Мақалада автор оралман мәселесін, олардың құжат рәсімдеудегі қиындықтарын айта келіп, бірқатар қоғам қайраткерлері мен оралмандардан сауалнама жүргізеді. Келтірілген мысалда оралман пікірі ашық беріледі.

«Нұрбақыт Тақанұлы, оралман: - Біз Қытайдың Гансу өлкесі, Ақсай ауданынан өткен жылы тамызда келгенбіз. Үш балам бар. Келгелі құжаттарымызды дайындап, ақ тер, көк тер болдық. Алайда одан еш пайда болмады. Үш баламның үлкені университетте дайындық тобында оқиды, екеуі Еңбекшіқазақ ауданының Нұрлы ауылында мектепте. Бізден сотталмағаны туралы анықтама мен НОПОС-ты өшіріп келуді талап етті. Біз көшпес бұрын, Қытайдағы жергілікті әкімшілікке барып, осы құжаттарды сұраған едік. Олар бізге ондай құжат бере алмайтындығын айтты. Өйткені Қытайдың заңы бойынша біз осында келіп орнығып, тұрақты тіркеуге тұрып немесе азаматтықты қабылдағаннан кейін ғана, олар бізді автоматты түрде азаматтықтан шығарады не НОПОС-тан өшіреді. Меніңше, оралмандарға бір жақсы көзқарас болмай тұрған секілді»[8], - деп мәселенің мәнісін түсіндіріп береді.

Журналистикадағы сауалнама әдіс әрі жанр ретінде қолданылып жүр. Сұхбатта автор бір адамнан сан түрлі сұраққа жауап алса, сауалнаманың мақсаты – бірсыпыра адамнан бір сұраққа жауап алады.

Профессор А.Тертычный [9, 17] сауалнаманы хабарламалы және талдамалы деп екіге бөледі. Талдамалы сауалнама жанрының мәтіні сараланған жауаптарға құрылады. Талдамалы сауалнаманың өзгешелігі, бір сауалға берілген бірнеше жауаптарды жинақтап, бір мәтінге топтап жариялануында.

Талдамалы сауалнама мен талдамалы сұхбатта түсіндірме элементтері кездеседі. Сауалнама белгілі бір жаңалық немесе оқиғаға байланысты дайындалады. Журналист қандастар тағдырына байланысты қабылданғалы жатқан заңнан қандай нәтиже күтесіз деген сауал қойып, мәселеге байланысты түрлі пікірлерді сараптап бере білген.

Келесі бір мақала оралман статусын алуға байланысты жазылған. Е.Жақыптың «Оралман» термині қайта қаралмақ» [10] атты мақаласында жаңадан қабылданғалы жатқан заңға байланысты көзқарас сарапқа салынады. Егер жаңа заң қабылданатын болса, 57 мыңға жуық отбасы азаматтық алады деген жағымды жаңалықты жеткізеді.

«Біз осы кезге дейін қолданыста болған «Көші-қон туралы» Заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгіздік. Ал бұл құжат 1997 жылы қабылданған болатын. Жаңа редакцияланған заң жобасы елімізге шет елдерден келетін этникалық қазақтар үшін өте тиімді болмақ. Себебі, қазірдің өзінде Қазақстанда азаматтық алу үшін ықтиярхатпен жүрген 57 мың шеттен келген отандасымыз бірден азаматтық алады. Олар қазіргі қолданыстағы заң талаптары бойынша тиісті құжаттарын тапсырып, азаматтық алу үшін төрт жылдық мерзімнің орындалуын күтіп жүр. Ендігі жерде жаңа заңымыз күшіне енген жағдайда, олар бірден азаматтық алатын жандар санатына жатқызылатын болады. Яғни олар «ескі» заңның «төрт жылдық мерзімін» күту талабын орындауы шарт емес», - дейді Біржан Бидайбекұлы.

Мақалада Біржан Бидайбекұлының баяндамасымен қатар жиын барысындағы комитет төрағасы Икрам Адырбековтің «оралман» терминіне байланысты пікір беріледі. «Егер бізде бір

ұғым, қандай да бір термин пайда болса, соған аяғына дейін байланып қаламыз. Қазіргі күні бізде «оралман» терминінің өзі біршама кері түсінік тудырып жүр. Азаматтық алғандар өздерінің мәртебесін ауыстырып, «оралман» мәртебесін айырылады деп жатыр. Бұған келіспеймін. Өйткені басынан бастап оған «оралман» дегендіктен ол ауылдастары үшін де, сол өңір үшін де оралман болып қала береді», - деді сенатор төрағасы. Осыған орай журналист «оралман» терминін неге «бауырлас, отандас» деп өзгертпеске деген ұсыныс тастайды.

Көші-қон заңының қайта қаралуына байланысты арнайы түсіндірме, талдау жұмыстары жүргізу үшін жұмысшы топтары құрылып, заңның дұрыс қабылдануына байланысты пікірлер сарапқа салынады. Бұл шаралар барысын жіті бақылауына алған «Түркістан» газеті аталған мәселеге байланысты бірнеше мақалалар жариялайды. Солардың бірі А.Лепесованың «Заң оралман жағында» атты корреспонденциясында аталған проблемаға тиянақты талдау жасалады. Корреспонденция «Өзіміз түсінбесек, оралмандарға қалай түсіндіреміз?», «Он жыл бұрын келгендер де оралман ба?», «Оралман заңға бағына ма, заң оралманға бағына ма?» және «Ақпарат құралдарына айтар тілек» атты тақырыпшаларға бөлінген.

Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының орынбасары, белгілі жазушы-драматург С.Балғабаевтың осы мәселеге байланысты нақты ұсыныстарын келтіреді. «Біріншіден, оралман мәртебесін алғысы келетін азаматтың қолында өзінің қазақ екенін дәлелдейтін құжаттар болуы керек. Екіншіден, Қазақстанға келмес бұрын өзі тұратын елден бұрын сотталмағанын айғақтайтын анықтама алу мен тұрақты тіркеуден шығу мәселесін реттеу керек. Үшіншіден, Қазақстанға келген азаматтардың шетелде жақын туыстары, отбасы мүшелері қалған болса, оларға арнайы шақыру жіберіп, отбасын біріктіру санатындағы визамен көшіріп әкелуге болады. Төртіншіден, оралман ретінде үкімет айқындаған өңірлерге барған азаматтар бірқатар әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізеді. Бесіншіден, Қазақстандағы жоғары оқу орнына оқитын азаматтар елімізде тұрақты тұрып, азаматтық алуға толық құқылы»[11] екендігін жеткізеді. Бұдан бөлек Е.Кәпқызының «Ерболат Досаев оралмандарға қарсы ма?» атты проблемалық мақаласында соңғы 20 жылда елге келген оралмандардың 70 пайызының арнайы білімі жоқ екендігін жеткізеді. Алайда ең бастысы оралманның елге оралуы мемлекеттік интеллектуалдық және экономикалық жағынан тиімді екені шындық.

Е.Кәпқызы Көші-қон туралы заң қабылданғанға дейінгі талқылаулар мен басқосуларға қатысып, қандастардың әлеуметтік жағынан қорғалуына байланысты пікірлерін ашық білдірген. Бұл жас журналистерге бір ғана мәселенің өзін тыңғылықты зерттеу, талдау, ой қорыту, шешім шығару, болжам айту секілді әдістерді үйрену үшін аса қажет тәжірибе.

«Түркістан» газеті еліміздің «Көші қон туралы» Заңына сәйкес атамекенге келіп табан тіреп, оралман мәртебесін алғандар алдында туындайтын әлеуметтік мәселелерді көтеретін мақалалар жиі жарық көрген. Бұл мәселе бойынша Үкімет тарапынан да көптеген шаралар қабылданып жатқаны аян. 2007 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мәліметтер бойынша тәуелсіздік алған жылдардың ішінде тарихи Отанына тұрақты тұру үшін 565 мың 757 қандасымыз келіп, еліміздегі демографиялық ахуал жақсарған.

Қазіргі таңда оралман емес қандас деп атауға шешім қабылданып, газет көтерген біқатар мәселелер өз шешімін тапты. Сондықтан қандастар мәселесінің оң шешімін табуына «Түркістан» газетінің де ықпалы болғанын айта кету керек.

Тағы бір айта кетерлігі – шетелдегі қандастар туралы ақпарат беру басылымның берік ұстанымына айналған. Қазіргі таңда әлемнің әр түкпіріндегі алпауыт компаниялар мен жауапты қызметтерде жүрген қазақ жастары туралы мақалалар жазу жақсы дәстүрге айналып келеді. Мәселен, Кембридж университетінің докторанты әрі оқытушысы Диана Құдайбергенова, «Huawei» компаниясында жұмыс істейтін Дастан Жәнібек, халықаралық арбитраж сотының судьясы Гүлнұр Нұркеева, Канада үкіметінің сыртқы істер министрлігінің сауда жөніндегі кеңесші қызметін атқаратын Нұргүл, Германияның Мюнхен қаласында тұратын өнерпаз,

«Құлагер» пьесасын қойған Гүзел Жамықан, сондай-ақ кикбоксингтен әлем чемпионы Ясемин Қарабазар, бокстан Иран ұлттық құрамасының мүшесі Абдулхаким Бектұр, әлемнің 35 елінде 85 кеңсесі, 56 мың қызметкері бар «Facebook» компаниясында істейтін Арғынбек Шегебай, Испания астанасы Мадридте орналасқан Amazon компаниясының кеңсесінің бағдарлама жасақтаушысы Дара Түменбаева және т.б.

Аталған қандастардың өмір жолы мен жетістіктері бүгінгі қазақ жастарының тұлғалық жетілуіне үлкен септігін тигізері сөзсіз.

«Түркістан» газеті қазақ баспасөзі мемлекет тәуелсіздігінің нығаюы мен көркею жолында үлкен роль атқарып келеді. Әсіресе, ұлттық тіл мен діл, жер, демография, экономика, ел тәуелсіздігі идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданындағы бітіспес күрес ісінде атқарып отырған қызметтерін ерекше айтуға болады.

### Қорытынды

Демократиялық елде баспасөздің қоғамдағы рөлі айтарлықтай дәрежеге көтерілді. Ол бұрынғыдай насихатшы ғана емес, сонымен бірге, қоғамдық ой санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой пікірді қалыптастырушы да болып отыр. Қазіргі қазақ баспасөзі қоғамдағы болып жатқан оқиғалардың барлығына атсалысып, өзекті проблемаларды дер кезінде көтеріп, қоғамдық пікір туғыза отырып, олардың дұрыс шешілуіне мұрындық болып отырғаны белгілі.

Біздің айтпағымыз, халықаралық «Түркістан» газетінің өзіндік бағыт-бағдары мен бет-бейнесі айқын. Газет ұлттық мәселеден бастап жаһандық саяси оқиғаларға дейін сараптама жасайды. Басылым тарихында Қ.Мұхамеджанов, Ш.Пәттеевтің басшылық қолтаңбасы мен игі бастамалары айқын көрініс тапқан. Аға буынның аманатын бүгінгі оқырманына жеткізу міндетін абыройымен атқарып келе жатқан бас редактор Қ.Әуесбай дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, қоғамдағы өзекті мәселелерді өткір талдау, шетелдегі қандастар, халықаралық саяси оқиғалар, аймақтық қақтығыстарға тиянақты талдау жасап келеді. Газеттің онлайн нұсқасы мен цифрлық мұрағатын қалыптастыру жұмысы жолға қойылған.

Басылымның соңғы жылдардағы ең басты жетістігі – тақырыптық және жанрлық түрлендіруге, сәтті дизайнға мән беруі дер едік. Кез келген басылымның аудиторияға өтімділігі соның сыртқы дизайнына тікелей байланысты. Бұл туралы қазақ журналистикасындағы редакторлық шеберлігімен есте қалған Сейдахмет Бердіқұловтың «Макет – газеттің киімі, ал қолыңа іліккен кез-келген киімді талғамсыз үстіне жапсыра салмайсың ғой. Демек, газет безендіру де – үлкен өнер. Орнымен қолданылған түймедей штрих, оймақтай детальдің ойнап кететінін әрдайым ескерген жөн. Жазғаның жарқырап шықсын, оқушысын адаспай тапсын десең, макетке мән бер. Ол – айнаң...», - деген пікірі бүгінгі бас редактордың негізгі ұстанымына айналған. «Түркістан» газетінің дизайн жасаудағы озық идеяларын оқырман да жоғары бағалап отыр. Оның дәлелі газетке жазылушылар саны мен ресми сайттағы күнделікті қаралымның 15-20 мыңға жетуі дер едік.

Ұлттық журналистика тарихында ғана емес, ел шежіресінде есімі ерекше аталатын тұлға Балғабек Қыдырбекұлы «Социалистік Қазақстанға» редактор болған тұста «Газетті макет емес, мазмұн оқытады» деп, басылымның мазмұнын салмақты етуге барынша күш салған екен. Медиаменеджмент шығармашылық ұжымды басқару ғана емес, өнімді өтімді етудің, тұрақты аудиторияны қалыптастыру және әрбір қызметкердің дамуындағы ізденістер мен озық идеяларды жүзеге асыратын сала. Ақпараттық нарықтағы медиаменеджментті зерттеумен бірге сол салада өзіндік тәжірибесін енгізіп жүрген бас редактор Қ.Әуесбайдың басылым мазмұнына ерекше мән беретінін байқаймыз. Осы орайда өзіміз байқаған мәселелерді атап өткеніміз жөн. Біріншіден, газеттің талдамалы журналистикаға бет бұрғаны көңіл қуантады. Әсіресе халықаралық саяси қатынастар, аймақтық қақтығыс проблемалары туралы сараптамалық



материалдарды көпшілік қызыға оқиды деп ойлаймыз. Мәселен, Ә.Әнуарбектің «Әлемді алаңдатқан ахуал» атты тақырыпшпен АҚШ пен Иран арасындағы қақтығыс, А.Лепесованың «Әбігер әлем» атты шолуында алпауыттар арасындағы арпалыс, саяси журналист Н.Кенжетайдың «Таулы Қарабақ: тамыры терең текетірес» атты мақалалар мен шолуларда журналистік позиция айқын көрінеді.

Екіншіден, газеттің жастар саясатына ерекше ден қойып, жастар мәселесін жүйелі жазуға ден қойғанын байқаймыз. Мұндай материалдарды кешегі өткен мәслихат және мәжіліс депутаттарын сайлау кезіндегі басылым нөмірлерінен кездестіруге болады. Солардың ішінде ерекше атап өтуге лайықты Д.Уәлибектің «Популизм – жастарды ұшпаққа шығаратын жол емес», «Қоғам нені қастар тұтса, құндылық сол», «Қоғамға өз пікірі жоқтар қауіпті» атты материалдарда жастардың қоғамдағы ролі мен қызметіне байланысты тиянақты талдау жасалады. Сондай-ақ соңғы кездері жиі қайталанатын жалған ақпаратпен күресу, медиасауаттылық мәселесін де оқырманға нақты мысалдар арқылы жеткізген.

Үшіншіден, газет қандастар мәселесін алғашқы күннен бастап көтеріп келеді. Бұл орайда жоғарыда бірқатар мысалдарды келтірдік. Ең бастысы – қандастар мәселесі бүгінгі күні жаңа сипатта өрбігендігін байқаймыз.

«Ақ босаға» газеті ең алдымен өзін-өзі қаржыландырып келе жатқан шығармашылық ұжым. Оның оқырманмен байланыс жасау бағытындағы ең ұтымды жобасы – «Қолаң шаш» байқауы. Арулар арасындағы сайыс қоғамның қызығушылығын тудырды. Тіпті сән әлеміндегі ұзын шаш үлгілерін жаңғыртуға ықпал етті десек қателеспейміз. Екіншіден, газеттің тақырыпты тауып қоюдағы шеберлігі, «Сыр-сұқбатқа» кейіпкер таңдаудағы, жабық тақырыпқа ашық әңгіме өрбітудегі батылдығы қуантады. Кезінде «Ақ босаға» газетінің осындай мақалаларын «Караван» аударып басып отырғанын да айта кету керек. Үшіншіден, бас редактордың менеджер ретіндегі ұйымдастырушылық жұмыстарынан бөлек, журналистердің әлеуметтік мәселесін шешу, тұрғын үймен қамтамасыз етуі, ұжыммен тимбилдинг шараларын өткізу шеберлігін жоғары бағалаймыз.

Отандық журналистиканың әлеуетін арттыруда халықаралық деңгейдегі мәселелерге араласу, алыс-жақын мемлекеттерге танымал ету – бүгінгі медиаменеджерлердің басты мақсаты. Ұлттық журналистика тарихында көрші елдерге газет-журнал таратқан қайраткерлер аз емес. Сондықтан да «Ақ босаға» мен «Түркістан» газеттерінің ұжымының алдында таралу ауқымын кеңейтуді белсенді ұйымдастыру міндеті тұр. Бұл міндетті абыроймен атқаруға екі редакцияның да мүмкіндігі жетеді деген сенімдеміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Естеріңде қалсақ деген үмітпен... Құрастырушы редактор Әбіддаева Ш. –Алматы: Ақ босаға, 2017. -350б.
2. Қойлыш Ж. Көкті аңсаған қайсар қыз // Ақ босаға газеті, №11 қараша, 2007.
3. Қалила А. Даланың әр тасына жаны ашыған // Ақ босаға газеті, №4(269) сәуір, 2013.
4. Кәкей Ж. Штирлиц тұқыннан құтқарған қыз // Ақ босаға газеті, №10 (172), қазан, 2004.
5. Әбіддаева Ш. Қазақтың қайсар қызы Хиуаз ұмыт қалды // Ақ босаға газеті, №5 (131) мамыр, 2001.
6. Мантаева А. АҚШ бір жетімін сыртқа жібермеген // Ақ босаға газеті, №3(177) наурыз, 2005.
7. Жоямергенқызы Н. Ел мұратын ұғынсақ //Түркістан газеті, 26 ақпан, 2015.
8. Жұмағалиұлы А. «Ұлтан» болу бір арман //Түркістан газеті, 26 маусым, 2014.
9. Тертычный А.А. Жанры периодической печати: Учебное пособие. Москва: Аспект Пресс, 2000. 312 с.
10. Жақып Е. Оралман термині қайта қаралмақ //Түркістан газеті, 5 қараша, 2015.

11. Лепесова А. Заң оралман жағында // Түркістан газеті. 19 ақпан, 2015.

**G.Ashirbekova**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Thematic features of periodicals of Kazakhstan in the years of independence**

**Abstract.** In the article, the author gives an overview of scientific works, collections and encyclopedias related to the history of the press, published during the years of independence. Emphasizing the importance of studying the history of the press, the author highlights the thematic, problematic features of the newspapers “Ak Bosaga” and “Turkistan”. The author focuses on informative, problematic articles and interviews devoted to a number of topical issues published on the pages of the newspaper. The article considers the content of both newspapers in the selection of topics. The article reveals the essence of the raised problem and shows the results of the search for a solution to the topic raised by the journalist. These examples highlight the effectiveness of the press in society.

In the first years of independence, the published press withstood market demands and settled on methods of forming a stable readership. The author also considers the contest “Kolan Shash” in the newspaper “Ak Bosaga” as the most rational. The author analyzes articles published in the appendix “Atazhurt” in the newspaper “Turkistan”, dedicated to the problem of Kandastar.

The author focuses on the importance of management in the field of modern media giving examples of the management activities of the editors of both publications. The article presents a few examples from his experience for contemporary publications.

**Keywords:** Newspaper, magazine, media space, media management, media market, editor.

**Г.Аширбекова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Тематические особенности периодической печати Казахстана за годы независимости**

**Аннотация.** В статье автор дает обзор научных трудов, книг и энциклопедий по истории печати, изданных за годы независимости. Подчеркивая важность изучения истории казахстанской журналистики, автор выделяет тематические, проблемные особенности газет «Ақ босаға» и «Түркістан». Подробно анализируются познавательные и проблемные статьи и интервью о ряде актуальных проблем, опубликованные на страницах данных газет. Также рассматривается содержание обеих газет в плане выбора тем публикаций. По выводам автора, печатные издания тех лет всесторонне исследуют суть поднимаемых проблем, показывают результаты поиска их решений. Этим автор статьи подчеркивает действенность прессы в обществе.

В первые годы независимости публикуемая пресса выдержала рыночные условия и встала на путь формирования устойчивой читательской аудитории. Автор также рассматривает конкурс «Қолаң шаш» в газете «Ақ босаға» как наиболее рациональный, анализирует статьи, опубликованные в приложении «Атажурт» в газете «Түркістан», посвященные проблеме кандастар.

Также автор, приводя примеры управленческой деятельности редакторов обоих изданий, останавливается на важности менеджмента в сфере современных медиа. Он также предлагает несколько примеров из личного опыта управленческой деятельности для современных медиа-изданий.

**Ключевые слова:** газета, журнал, медиaprостранство, медиаменеджмент, медиарынок,

редактор.

### References

1. Esteriңde қалсақ деген үмітпен... [In the hope that we will remember...]. Құрастырушы редактор Әбildaeva SH. –Almaty: Ақ босаға, 2017. -350b.
2. Қойлыш ZH. Көкті аңсаған қайсар қыз [A brave girl who longs for heaven] // Ақ босаға газети, №11 қараша, 2007.
3. Қалила А. Dalanyң әр тасына zhany ashyған [soulful to every stone of the Steppe] // Ақ босаға газети, №4(269) сәуір, 2013.
4. Кәкей ZH. SHtirlic тұқыннан құтқарған қыз [the girl who saved Stirlitz from seed] // Ақ босаға газети, №10 (172), қазан, 2004.
5. Әбildaeva SH. Қазақтың қайсар қызы Hiuaz үміт қалды // Ақ босаға газети, №5 (131) мамыр, 2001.
6. Mantaeva A. АҚШ bir zhetimin сыртқа zhibermegen [The United States did not send one orphan out] // Ақ босаға газети, №3(177) наурыз, 2005.
7. ZHoyamergenқызы N. El мұратын ұғынсақ //Түркistan газети, 26 ақпан, 2015.
8. ZHұмағалиұлы A. «Ұлтан» болу bir arman //Түркistan газети, 26 маусым, 2014.
9. Tertychnyj A.A. ZHanry periodicheskoy pechati [genre of periodical writing:a textbook]: Uchebnoe posobie. Moskva: Aspekt Press, 2000. 312 s.
10. ZHaқыp E. Oralman termini қайта қаралмақ [The term Oralman will be revised] //Түркistan газети, 5 қараша, 2015.
11. Lepesova A. Заң oralman zhaғында [Law on the oralman side] // Түркistan газети. 19 ақпан, 2015.

#### Автор туралы мәлімет:

*Гүлмира Әшірбекова* – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы

*Gulmira Ashirbekova* - associate professor of the Department of press and publishing at L.N.Gumilyov Eurasian National University, candidate of philological Sciences, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan